

Академияның өткен жылдағы табысты жетістіктері

Қазіргі таңда ҚР Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы елімізге етене таныс. Бүгінде білдей білім ордасының беделі күн санап артып келеді. Бұл әрине, қажырлы еңбек жасап жатқан академияның тұрақты және ауыспалы құрамының айрандай ұйып, бірліктері жарасып отырған ерен еңбегінің арқасы.



Жалпы Академияның бүгінгі жеткен жетістіктері ұшан теңіз десек, артық айтқандық емес. Сөз жоқ, бұл жетістіктерді Қостанай академиясының жемісі ғана емес, еліміздің білім, ғылым және спорт саласының дамуына қосқан зор үлесі деп бағалауға әбден болады. Олай болса, академиялықтар үшін 2017 жылдың тауқыметінен өтері, таудай табыстары мол болғанын ауыз толтырып айта кеткенді жөн көрдік.

Білім саласына тоқталар болсақ, өткен жылы Академияның көптеген қызметкерлері мен курсанттары елімізде, одан қалды алыс-жақын шетелдерде өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, көптеген жүлделі орындарға ие болды. Бұл білімдерін, тәжірибелерін жетілдіріп, Академияның курсанттарын білім нәрімен толықтай сусындатып отырған ғалымдарымыздың ізденімпаз еңбекқорлығының таптырмас бір қайнар көзі деуге болады. Мәселен, Академия бастығының орынбасарлары полиция полковнигі А.Нурушев өз тәжірибесі мен білімін тереңдету мақсатында былтырғы жылы Еуропалық Кеңесі жобасының ұйымдастыруымен Лондон қаласына іссапарға барды (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі), ал полиция полковнигі С.Бачурин Ресей жерінде өткен халықаралық конференцияға қатысып, тәжірибе алмасып қайтты. Бұдан басқа да көптеген қызметкерлер осы тәріздес конференция, дөңгелек үстел жұмыстарына қатысып, басқа да тәжірибе алмасу және біліктіліктерін жетілдіру семинарларына қатысты.

Тағы бір сүйінші хабар өзіміздің әріптесіміз, полиция капитаны, педагогика және психология магистрі Мырзабек Туйғановтың «Вопросы трансформации ислама в Казахстане» атты ғылыми еңбек кітабы Германияның халықаралық «Lambert» басылымында жарыққа шықты. Мырзабек Сардарбекұлы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау академиясы «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша республикалық оқу-әдістемелік секциясы ұйымдастырған сайысқа қатысып «Жылдың үздік жас ғалымы» номинациясына ие болды. Біз де жемісті жетістікке жеткен әріптесімізді шын жүректен

құттықтаймыз.

Білім айдынына енді ғана қанат қағып, тәжірибе жинақтап жүрген курсанттарымыз да Академия абыройын асқақтатып, өз деңгейлерінде жүлделі орындарға ие болуда. Былтырғы жылы наурыз айында Ресейдің (Рязань қаласы) ФСИН Академиясында өткен VI-ші халықаралық «ВИБАТ, КУРСАНТТАР» атты шығармашылық апталығына Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының курсанттары қатысып, қылмыстық процесс және криминалистика бойынша бейнефильм түсіріп, 1-ші дәрежелі диплом және зияткерлік ойында 3-ші орынды иеленді. Бұл да болса, өзге елде намыстарын қолдан бермей, еліміздің туын биікте желбіретіп қайтқандығының айғағы. Бұдан басқа білім, ғылым саласында да курсанттарымыздың жеңісі ұшан-теңіз. Тағы бір жаңалық, Академиямыздың белсенді 3-курс курсанты жас ғалым Зауреш Самбетова қазан айында Ақтөбе қаласында өткен республикалық криминалистика бойынша зияткерлік олимпиадаға қатысып, «Кримцесса» номинациясы бойынша ханшайым атанды.

Ал, спорт және тәрбие жұмысы саласына келетін болсақ, Академияның жетістіктері өте көп. Мәселен, Астана қаласында өткен республикалық «Жайдарман» көңілді тапқырлар клубының ойынында 10 команданың ішінде жұлдыздары жарқырап, бірінші орынға ие болған да осы біздің курсанттарымыз. Бұл дегеніңіз, иығына погон таққан курсанттарымыз елді қорғап қана қоймай, сонымен қатар сахна төрінде де бойларындағы өнерлерін паш етіп, әртістік қабілеттерінің бар екендіктерін де көрсете алатындықтарын паш етеді.

Жалпы спорттың дененің шымырлығын, мидың есте сақтау қабілеттілігін арттыратынын көпшілігіміз жақсы білеміз. «Спорт жан мен тәннің тазалығы» деп ұрандатқан академия қызметкерлері мен курсанттарының спорт саласында жеткен ең айтулы оқиғалары да аз емес. Офицерлер мен курсанттардың толықтай құрамы спорттың әртүрімен айналысады.

Біреулер өздері үшін үстел теннисін ұнатса, біреулері доп қуып футбол ойнайды. Ал енді біреулері жауынгерлік самбомен шұғылданып, қазіргі таңда спорт шеберлігі атағын қорғап, ел мақтанышына айналуда. Соның ішінде, былтыр Қостанай өңірінде өткен татар халқының сабантойындағы жеңісті ауыз толтырып айтуға болады. Дәстүрлі мереке Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойына орай ашылған «Тәуелсіздік» жағажайында өткен болатын. Еңбектің берекесін, берекенің мерекесін кіргізген ұлан-асыр думанды тойда қарапайым халық спорттың бірнеше түрінен өзара жарысқа түсті. «Бағанға өрмелеу», «бағанмен жерге құламай жүріп өту», «арқан тартыс», татардың ұлттық спорты «Белбеу курашы» сияқты қызықты спорттық ойындар өтті. Әсіресе, көпшіліктің назарын аударған спорт түрі – «Белбеу курашы» болды. Бір қуанарлығы, бұл сайысқа ИМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының оқытушысы, Қазақстан Республикасының самбо күресінен спорт шебері, бірнеше дүркін «Қазақ барысы» жарысының қатысушысы, полиция майоры Ержан Қабидуллин қатысқан еді.

Татар президенті Рустам Минниханов өз атынан бас жүлдеге Лада Гранта автокөлігін тігіп, балуандар мен көрермендердің делебесін қоздырып, қызықтырып қойды. Аталмыш спорт түріне Ресей, Татарстан, Қазақстаннан 23 балуан қатысып, бақ сынасты.

Ақтық сында бақ сынаған әріптесіміз Ержан Қабидуллин РФ еңбек сіңірген спорт шебері, татар халқының Ұлттық «Белбеу курашы» жарысының 3 дүркін чемпионы Ильфир Анваровпен белдесіп, 1 минутқа жетер-жетпес уақытта, әдемі айла-тәсіл жасап, таза жеңді. Осы сәтті тағатсызdana күткен көрермендер Ержанға ризашылықтарын білдіріп, ұзақ уақыт қол шапалақтады. Міне, осылай көптің арасынан бағы жанған әріптесіміз Татар Президентінің атынан тігілген автокөлікті қанжығасына байлады. Бұл жеңіс академия қабырғасында оқып жатқан және спорт десе ішкен

асын жерге қоятын курсанттар үшін үлкен ынта-жігер болды. Міне, осылай Ержан бауырым үлкен ерлік жасап, ел ауызында, тарихта ұмытылмастай есте қалды.

Білікті әрі тәжірибелі ұстаздарының арқасында көптеген курсанттар спортта талай жетістіктерге жетіп, Академияның есімін көпшілікке танытып жүр. Бүгінгі таңда Академияда әртүрлі спорт түрлерінен 15 спорт шебері және 74 спорт шеберінен үміткер курсанттар білім алады. Былтырғы жылдың қыркүйек айынан бастап 6 спорт шебері шыққанын мақтанышпен айтуға болады. Бұл мыңнан астам курсанты бар академия үшін өте тамаша көрсеткіш деп ауыз толтырып айта аламыз. Бұл спортшылардың арасында саусақпен санарлық, ел мақтанышына айналып үлгірген спортшы қыздарымыз 2-курс курсанты, балуан, спорт шеберінен үміткер Миірғұл Әлімбаева және 1-курс курсанты балуан, талай жарыстың жүлдегері Гүлнұр Максетованы айта кеткенді жөн көрдік.

47 жылдық тарихы бар оқу орнының қазіргі даму қарқыны, ел арасында танымалдылыққа иелігі күн санап артып келеді. Жасыратыны жоқ, еліміздің Үкіметі, облыс билігі де Академияны өздері өткізген іс-шараларға әрдайым атсалыстырып тұрады. Оған дәлел, Астана қаласында ұйымдастырылған халықаралық деңгейде өткен «ЭКСПО-2017» көрмесіне Академияның 200-ден астам 2-3 курс курсант қыздары қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысып, абыроймен атқарып келді. Аталмыш қыздар көңілден тыс қалмай, Астана қаласы Ішкі істер департаменті бастығының атынан алғыс хатқа ие болды.

Одан қалды, Қостанай облысы Амангелді ауданында өткен республикалық маңызы бар «Кейкі батырдың» денесін жер қойнауына тапсыру рәсіміне қатысып, облыс әкімінің атынан алғыс хат алып, елдің мол ықыласына бөленіп, тағы да Академияның абыройын арттырып қайтты. Бұл әрине, темірдей тәртіпке бас иген, өз елінің шынайы отансүйгіш ұрпақтарының Академия қабырғасында тәрбиеленіп жатқаны үлкен мақтаныш. Жалпы курсанттар қоғамдық өмірге немесе білім және спорт жарыстарына қатысса да барлығында абыроймен атқарып, үлкен биіктерден көрінуде.

Елінің осындай патриот болып өсуіне Академия қабырғасында жұмыс жасайтын, Тәрбие жұмысы бөлімінің еңбегі зор деуге болады. Сондай-ақ ел арасында жүргенде мәдениетті өзін-өзі ұстай алатын салмақты болу үшін, Академияда «мәдениет» университеті жұмыс жасайды. Бұл университеттің сабақ кестесіне орай курсанттардың асханада қалай отырып тамақ ішуінен бастап, ел алдында салықалы

ойлар айтып, мәдениетті сөйлеуіне дейін үйрететін облысымызға белгілі білікті мамандар дәріс береді. Осының арқасында көптеген курсанттарымыздың қазіргі таңда мінез-құлықтары жақсы жаққа өзгеріп жатқанын күнделікті өмірден көріп жүрміз. Тіпті биыл осы аталмыш университеттің аясында Қостанай қаласының орталығында алғаш рет 2 жұптан құралған курсанттардың еңбегімен «Вальс» биі көпшілікке тарту етілді.

Міне, былтырғы жыл соңында, Қостанай академиясының қызметкерлері және курсанттары Қостанай қаласында орналасқан 8 жоғары оқу орындары арасында ұйымдастырылған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Адал бол» тақырыбында өткізген флешмоб форматындағы кең ауқымды акциясына да белсенді қатысып, бірінші орынды иеленді. Осының барлығы оқытушылар мен курсанттардың қажырлы еңбектерінің арқасы. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тілінбей» деген осы шығар.

Қарқынды еңбектің арқасында Академия ұжымы мен облыстық «Qostanai» телеарнасымен бірлескен жаңа жылдық мега жоба да түсірілді. 15 сағатқа созылған телебағдарламада Академия ұжымы белсенділік танытып, журналистиканың қыр-сырына қанық болды. Аталмыш жоба қазіргі таңда облыстық телеарнадан көрсетіліп, миллиондаған көрерменнің көзайымына айналды. Осы атқарылған игі істердің барлығы Академияның беделін көтеріп, оның болашақта еліміздің барлық тұрғындарына етене таныс болатынына сөз жоқ.

Жетістіктен басқа да батырлық танытып жүрген курсанттарымыз да аз емес. Соның қатарында ерлігімен ерекше көзге түскен 3-курс курсанты Еркебулан Төлебеков пен Нұрбол Самкениң күзгі тұрмыс «Тобыл» өзеніне суға батып бара жатқан бойжеткенді құтқарғаны, батырлығымен ажалға арашашы болғаны өлі күнге дейін ел аузындағы аңызға айналды.

Жаза берсек, жетістіктер әлі де жетіп артылады. Оның барлығын қағазға түсіру мүмкін емес. Сондықтан алдағы уақытта да Академияның туы төмен түспей, көкте әлі де абыроймен желбіреп, биылғы, 2018 жылы бұдан да биік шыңдарға жете беретініне сенімдіміз мол.

Мейрам ОСПАНОВ,
ҚР ИМ Ш. Қабылбаев
атындағы
Қостанай академиясының
баспасөз хатшысы

Суретті түсірген:
С. КАМАЛОВ

Музейге экскурсия жасады

Өткен аптада, 2018 жылғы 9 қаңтарда Қостанай станциясындағы теміржол вокзалында орналасқан теміржолшылар мұражайында балаларға арналған экскурсия өткізілді.

Нақтырақ айтқанда, ІІЖБ ювеналдық полиция тобының инспекторлары полиция капитаны Э.Б. Нарбасова, полиция аға лейтенанты Б.А. Оташев Қостанай облысы білім беру басқармасының «Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» мемлекеттік мекемесіндегі бейімдеу

орталығындағы кәмелетке толмаған балаларға арнайы ұйымдастырған іс-шарасының мәні зор. Инспекторлар балаларға темір жолдың тарихы, темір жолдың құрылуына үлкен үлесін қосқан көрнекті тұлғалары, темір жолмен байланысты механизмдер мен қондырғылар туралы айтып берді.

Сондай-ақ, балаларға темір жол - аса қауіпті аймақ тақырыбына қосымша кеңес айтып, ескертулерін жасады.

Қостанай ст. ІІЖБ ӘПБ ЮПТ

Министрліктің мәлімдемесі

Денсаулық сақтау министрлігі тұрғындарды тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілмеген фактілерді анықтауға шақырады.

ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановқа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің (ТМККБК) шеңберінде алынбаған дәрі-дәрмектер бойынша халықтың көптеп шағымдануынан кейін Денсаулық сақтау министрлігі елдің барлық өңірінде халықты дәрілік қамтамасыз етуге талдау мен мониторинг жасауды бастады.

Соған байланысты, диспансерлік есепте тұрған, бірақ бекітілген Тізбеге (№786 бұйрық) сәйкес 2017 жылғы қазан мен желтоқсан аралығындағы кезеңде тегін дәрілерді алмаған барлық азаматтарды ТАӘ, ЖСН, байланыс телефондарын, емханалардың нөмірлерін және қаланы көрсете отырып, kf_mz@mail.ru электрондық поштасына өтініштерін жіберулерін сұрайды.

Қазақ тілі курсы аяқтағандарға Сертификат табысталды

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халқына Жолдауында «Қазақстандықтың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде» деп атап көрсетілгеніндей, тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ.

Қазақ тілін зерттеушілердің барлығы да бір ауыздан бұл тілді ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таниды. «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығы 2018 жылғы 12 қаңтарда ҚМУ-дің акт залында тыңдаушылардың тапсырған қорытынды е м т и х а н д а р ы н ы ң нәтижесі бойынша оларға сертификаттар табыстады. Салтанатты жиында



Академия қызметкерлеріне (20 адам) сертификат берілді. Ата-бабамыз ежелден үш нәрсені қасиет тұтып, қадірлеп өткен. Ол - ел, жер және тіл. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы: «Тілін білмеген - түбін білмейді» десе, Халел Досмұхамедұлы «Тілінен айырылған



үздік мекемелерге алғыс хат табыстау үшін Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ахметов Қазымбек Жармағамбетұлы сахна төріне шақырылып, мемлекеттік тіл саясатының дамуына қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына Алғыс хат табыстады.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік тілді оқыту бағдарламасы» бойынша В1 орта деңгей курсы аяқтағаны

жұрт-жойылған жұрт» деп керемет айтқан, яғни тіл жолындағы күрес - киелі күрес. Тілді қару еткен адамның ары да, жаны да таза деп, Қостанай академиясының 1-курс курсанты Сарсенәлі Рүстем «Алға Қазақстан» атты әнін орындады. көрермен ретінде қатысқан 1-курсның 25 курсанты өздеріне көптеген мәліметтер алып, мемлекеттік тілді жетік білуге деген қызығушылықтарын арттырды.

ҚР ИІМ Академиясының Мемлекеттік тіл бөлімшесі

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері қаралды

2018 жылғы 12 қаңтарда Қостанай станциясындағы ІІЖБ-де құқықтық дайындық жүйесінде Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Ж.Ө. Мамбетов «Нұр Отан» партиясының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы бойынша әңгіме өткізді.

Жақсылық Өлеңұлы өз баяндамасында өткен жылы аталған бағытта «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі кеңес мүшесі А. Дудинмен бірге жолаушылар поездарында мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған 5 кездесу өткізгенін, оның барысында

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің пара беру, пара алу және делдалдық жасау баптары туралы жаң-жақты түсіндірілгенін атап өтті. Осы кездесулер кездерінде Қостанай ст. ІІЖБ және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігі Қостанай облысы бойынша департаментінің сенім

телефондары жолаушылардың назарларына ұсынылғандығын айтты.

Жақсылық Өлеңұлы іңгімесін қорытындылай келе Мемлекеттік қызметшінің Этикалық кодексін сақтау маңыздылығы туралы ескертті.

Қостанай ст. ІІЖБ Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Сөзді игерген адам ойын жеткізе алады

ҚР ИІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Тілдер кафедрасының оқытушылары Тәжікстаннан келген курсанттар үшін орыс тілінен қосымша сабақтар жүргізеді.

Бұл сабақтардың мақсаты: орыс тілі туралы халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде түсініктер қалыптастыру, сөздік қорларын байыту, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін игеру.

Оқытудың коммуникативті бағытында бірқатар іс-шаралар, пікірсайыстар, дебаттар, әдеби оқулар, шығармашылық кездесулер, Қостанай қаласының мәдени мекемелеріне міндетті түрде бару жоспарланған.

Тілдік құзыретті дамыту және белсендендіру, аға буынмен араласу мақсатында Ардагерлер кеңесінің төрайымы отставкадағы полковник Мұқажанова Бисүлу Бигазқызымен кездесу ұйымдастырылды.



Мұқажанова Бисүлу Бигазқызы – біздің Академияның табыстарына, проблемаларына бейжай қарамайтын адам. Бисүлу Бигазқызы таңдаған мамандығына деген мақтаныш сезімі жайлы естеліктерімен және пікірлерімен бөлісті. Өзінің жеке үлгісімен және ісімен Бисүлу Бигазқызы біздің курсанттардың патриоттық тәрбиесіне үлес қосуда.

Бисүлу Бигазқызы жасына қарамастан ерліктің, беріктіктің, өмір сүйгіштіктің нағыз нышаны болып табылады.

Кездесу барысында курсанттар сұрақ қойды, мұндай адаммен көзбе-көз тілдесу ешкімді бейжай қалдырған жоқ, барлығына жақсы көңіл-күй сыйлады, ал көпшілігіне үлкен өмірлік сабақ болды!

Л. КИНЖЕБАЕВА, ҚР ИІМ Қостанай академиясы Тілдер кафедрасының аға оқытушысы полиция майоры

СОТ ЗАЛЫНАН

Шекарашы ұйықтап қалған...

Жұмыс орнында ұйықтаған әскери қызметкерге сот 60 мың теңге айыппұл салынды.

Қостанай облысының Қарабалық аудандық сотында ҚР ӘҚБТК 652-бабы 6-бөлігі бойынша (бағынбау, яғни бастықтың бұйрығын орындаудан ашықтан-ашық бас тарту, сол сияқты қызмет мүдделеріне елеулі зиян келтірмеген, бастықтың белгіленген тәртіппен берген бұйрығын бағыныштының өзгедей қасақана орындамауы) 22 жастағы М-ға қатысты әкімшілік іс қаралды.

Іс материалдары бойынша, 2017 жылдың 11 қазанында шекара қызметі бойынша әскери бөлімдерінің біріндегі қызметкер Қарабалық ауданы аумағындағы шекара бекетінде қызметте бола тұра, күзет уақытында ұйықтаған.

Айыпталушы М. өзіне тағылған кінәні толығымен мойындап, әскери бөлімде келісім шарт бойынша жұмыс істеп жүргенін түсіндірді.

Сол күні сағат таңғы жетіде жұмысқа келген жігіт сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі аралықтағы техникалық үзіліс кезінде ұйықтап алмақ болған ол үзіліс уақыты біткесін де ұйқысын жалғастырған. Оны бекетке келген азаматтық тұлға оятып алған. Болған жайт үшін өкінетінін білдірді.

Істі қарау нәтижесі бойынша, М. әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 25

АЕК көлемінде, яғни 60125 теңге айыппұл салынды.

Аурухана қаражатын өз қажеттіліктеріне жаратқан

Қостанай облысының сотында аудандық аурухананың бас дәрігері мен есепшілеріне қатысты сот үкімі шықты.

Жуырда Қостанай облысының Ұзынкөл аудандық сотында Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Қ. Ержановқа, аурухананың бас бухгалтері А. Жақантаеваға және есепші-кассир Л. Дабаеваға қатысты ҚР ҚК 176-бабы 4-бөлігі, «б» тармағы бойынша қылмыстық іс қаралды.

Іс материалдары бойынша, 2013 жылдың сәуірі мен 2016 жылдың желтоқсаны аралығында Ұзынкөл аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері екі есепшімен бірлесіп аурухана тарапынан көрсетілген ақылы қызметтен түскен қолма-қол ақшаның барын біліп, оны аурухана жарғысынан тыс мақсаттарға жұмсаған.

Олар тиісті құжаттарды жасамай, заңды айналып өтіп, аса ірі мөлшердегі қаражатты өздерінің қажеттіліктеріне жаратқан. Мемлекетке келтірілген шығын көлемі 9 660 808 теңгені құрады.

Сот талқылауы барысында үшеуі де тағылған айыпты жоққа шығарды.

Ұзынкөл аудандық сотының үкімімен айыпталушылар кінәлі деп танылды. Оларға 7 жылға бас бостандығынан айыру туралы жаза тағайындалды. Сотталушылар сот залында тұтқындалды. Үкім заңды күшіне енген жоқ.

Жүргізуші куәлігінен айрылды

Қостанайда алкогольдік масаң күйдегі адамға көлігін жүргізуге берген азамат 3 жылға жүргізуші куәлігінен айырылды.

Қостанай қаласының мамандандырылған әкімшілік соты 1987 жылы туған азамат С-ға қатысты ҚР ӘҚБТК 608-бабы 1-бөлігі бойынша (жүргізушінің көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік масаң күйдегі адамның басқаруына беру) әкімшілік істі қарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға сәйкес, азамат С. 2017 жылдың 26 желтоқсанында сағат 00.35 шамасында Байтұрсынов көшесі бойында «Nissan» маркалы автокөлігін масаң күйдегі азаматша Г-ға берген.

Сот азамат С-ны әкімшілік жауапкершілікке тартып, оған 3 жыл мерзімге жүргізуші куәлігінен айыру жазасы тағайындалды.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі



Қостанайда тұрғын үй толығымен өртеніп кетті

Қостанай қаласындағы Введен көшесіндегі үйлердің бірі толықтай жанып кетті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Облыс орталығындағы үйдің өртегені туралы Наталья Богдан есімді қала тұрғыны хабарлады. Оқыс оқиға 13 қаңтар күні болған. Қостанай облысы ТЖД баспасөз қызметінің маманы Меруерт Балгинаның айтуынша, жеке тұрғын үй толықтай жанып кеткен.

«Введен көшесіндегі үйдің өртеніп жатқаны туралы ақпарат 06:21-де келіп түсті. Өрт орнына жеке құрамның 11 қызметкері мен екі арнайы техника жұмылдырылды. Қызыл жалын 60 шаршы метр аумақты ораған. Екі газ баллоны оқшауланды. Зардап шеккендер жоқ», - деді Балгина.

Қазіргі уақытта өрттің шығу себептері анықталып жатыр.